

"2018 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 935 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 1154 қаулысы.
Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 маусымда № 3876 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27-баптарына сәйкес, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2018 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №935 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3681 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 26 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының Тараз қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. "Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындауын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары К.Олжабайға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Әбдірайымов

Тараз қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 31 мамырдағы
№1154 қаулысына қосымша

2018 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері			
			Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар		Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Эльба" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	32	3,1%	1	3,1%	1
2	"Жасыл Ел-Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	8%	20	8%	20
3	"Бағыт-Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	4%	1	4%	1
4	"Фабрика Пош-Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	78	5,1%	4	5,1%	4
5	"Тараз металлургиялық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	675	0,9%	6	0,9%	6
6	"Жамбыл-Жылу" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	730	0,2%	1	0,2%	1
7	"Тараз-су" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	649	0,2%	1	0,2%	1
8	"Казфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3805	0,13%	5	0,13%	5
9	"Тараз энергоорталығы" акционерлік қоғамы	408	0,3%	1	0,3%	1

10	"Имсталькон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жамбыл металлоконструкциялар зауыты	627	0,3%	2	0,3%	2
11	"Арайстроймаркет-2003" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	119	1,22%	1	1,22%	1
12	"ТаразКожОбувь" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	397	0,3%	1	0,3%	1
13	Т.И.Батуров атындағы "Жамбыл Мемлекеттік аудандық электр станциясы" акционерлік қоғамы	495	0,2%	1	0,2%	1
14	"КАТSA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	74	1,36%	1	1,36%	1
15	"АулиеатаТрансПасс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	215	1%	2	1%	2
16	"ТаразПроммонтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	101	1%	1	1%	1
17	"Жамбылхимстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	104	1%	1	1%	1
18	"ТаразҚұрылысИнвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	277	0,4%	1	0,4%	1
19	"ҒимаратТемірБетон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	203	0,5%	1	0,5%	1
20	"Жамбыл гипс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	0,7%	1	0,7%	1
21	"№1 Тараз автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	103	1%	1	1%	1
22	"Азия Құрылыс Корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	130	1%	1	1%	1
23	"Металлоконструкция лар және резервуарлар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	189	1%	2	1%	2
24	"Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Тараз қалалық өмірлік қиын жағдайға түскен адамдарды қайта әлеуметтендіру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	59	1,7%	1	1,7%	1
	Барлығы	9906		58		58